bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Ғ. Мұстафин «Шығанақ» романы үзінді

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 26.10.2020 | https://bilimger.kz/83818/ |

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:**<br>Төрт түлік мал мен егіншілік-ел берекесі | **Мектеп** |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты- жөні:** |
| **Сынып: 7** | **Қатысқандар: Қатыспағандар: 0** |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Ғ. Мұстафин «Шығанақ»** романы үзінді |
| **Оқу мақсаты:** | |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу, түсіну, және қолдану |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Берілген кестелерді толтырады. Мәтіннің негізгі идеясын ашады.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Өз бетінше тапсырмаларды орындайды. Топтау сан есімдер бойынша жазбаша жұмыс.Топта көшбасшы болады. |
| **Бағалау критерий** | -Мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді.<br>Ақпараттың өзектілігін анықтайды.<br>Мәліметтерді кесте, сызба арқылы ұсыну |
| **Тілдік мақсаттар** | Тапсырма орындауға байланысты Ғ.Мұстафиннің өмірдерегінен сөйлемдер беріледі. Сан есімдерді топтау сан есімге айналдырып, сөзбен қатесіз айтып, сөйлем құрап жазады. |
| **Құндылықтарға баулу** | Еңбек ету, табысқа қол жеткізу, төрт түлік малдың қадірін түсіну. |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих, өзін- өзі тану |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | І.Жансүгіров «Күйші» поэмасы.<br>І.Жансүгіров кім?<br>Қандай күйшілерді білесіңдер?<br>Күйді қандай аспаптармен ойнайды? |

| **Сабақтың кезеңдері** | **Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**(7 мин)** | **Психологиялық ахуал: «**Жүректен жүрекке» оқушылар бір-біріне жақсы қасиеттері бойынша бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. | |
| **Топқа бөлу**<br>**2 мин.** | **1-топ: Егіншілер:** тары, бидай, арпа, сұлы, күріш,жүгері<br>**2-топ: Қамбар ата:** Шопан ата, Зеңгі баба, Шекшек ата, Ойсылқара, бақташы, малдың пірі. | **Қима қағаздар** |
| **Қалыптастырушы бағалау**<br>**2 мин.** | Екі топ бірін бірін- бірі бағдаршам арқылы бағалап отырады.( жасыл, сары, қызыл түстер беріледі)<br>Жасыл түс- өте жақсы , сары – жақсы, қызыл- қанағаттанарлық. | **Қызыл, сары, жасыл түсті шеңбер таратылады.** |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr><td>Кіріспе бөлім<br>3 мин</td><td>Миға шабуыл:<br>Ой шақыру: Екі бағанды сәйкестендір<br>1-тапсырма<br>
<table>
<tr><th>Сұрақ</th><th></th><th>Жауап</th></tr>
<tr><td>Мал атасы</td><td></td><td>Бота,құлын, бұзау, қозы, лақ</td></tr>
<tr><td>Мал төлдері</td><td></td><td>Сұйық, ақ түсті, ұйыйтын қасиеті бар.</td></tr>
<tr><td>Сүттің қасиеті</td><td></td><td>Ойсылқара, Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Шекшек ата</td></tr>
<tr><td>Малдың пайдасы</td><td></td><td>Түйеші, жылқышы, шопан, бақташы</td></tr>
<tr><td>Кім бағады?</td><td></td><td>Еті, сүті, терісі</td></tr>
</table>
Малдың пайдасы қандай? Егіншілік туралы не айтар едіңдер?</td><td>Кесте</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br>(28 мин)<br><br>2 мин.</td><td>Ғ.Мұстафин жөнінде БББ стратегиясы
<table>
<tr><th>Білемін</th><th>Білгім келеді?</th><th>Білдім</th></tr>
<tr><td>Жазушы</td><td>Өмірі мен шығармашылығы</td><td></td></tr>
</table></td><td>Қима парақшалар</td></tr>
<tr><td>4 мин</td><td>Ғ.Мұстафин жайында АКТ-да көрсетіледі.<br><br>1-2 топ: Ғ. Мұстафиннің өмірдерегімен танысады.<br>Білу<br>29.11.1902 жылы Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Жауыр тауында дүниеге келген.<br>Ең алғашық «Сәрсен мен Болат» әңгімесі 1927 жылы жарық көрді.<br>1940 жылы Қарағанды шахтерлерінің өмірінен жазылған «Өмір не өлім» атты тұңғыш романы жариялнды.<br>Ол 2 мәрте Ленин,2-дәрежелі Отан соғысы еңбек Қызыл ту ордендерімен және көптеген медальдармен мараппатталған.</td><td>Слайд ,<br><br>қима парақшалар</td></tr>
<tr><td>8 мин</td><td>Түсіну<br>Бірлескен жұмыс: Мәтінді топта бір оқушы оқиды. Қалған оқушылар тыңдайды.<br>Джигсо әдісі бойынша мәтінмен танысады.<br>1-топ: Роман шынайы өмірден алынған. «Шығанақ» романы тарыдан мол өнім алу жөнінен бірнеше дүркін дүниежүзілік рекорд жасаған әйгілі диқан Шығанақ Берсиев өмірінен алып жазылған. Романда өмірдің талай бел-белесін басынан кешірген шығарманың бас кейіпкері Олжабек бейнесі өзінің типтік сипатымен миллиондаған орта шаруаның жол айырықтағы әуре-сарсаңын шыншылдықпен әйгілейді. Яғни, роман Шығанақ өмірі мен оның еңбегін негізге алғанмен,Мұстафиннің Шығанағы – өмірдегі тарышының өзі емес, әдеби жиынтық бейнесі.<br>2-топ:Осы материалдар негізінде жазушы қазақ шаруалары өмірін, табысты жолын көрсетуді және адам мен табиғат арасындағы өмірлік тартысты жаңа жағдайда суреттеуді көздеген. Өмір бойы табиғаттан алуға ұмтылған, бірақ жарымаған шаруа еңбегі жаңа дәуірде, өркендеу жағдайында іске асқаны– романның басты тақырыбы.</td><td>Мәтін жазылған парақша таратылады.</td></tr>
<tr><td></td><td>Қолданады:<br>Мұғалім әр тапсырмадан кейін кері байланыс жасап отырады.</td><td></td></tr>
<tr><td>3 мин</td><td>2-тапсырма.<br>Жұптық жұмыс: Өзара мәтін бойынша диалог құрастырады.</td><td></td></tr>
<tr><td>3 мин</td><td>3- тапсырма<br>1-Топ: Мәтіннің негізгі идеясын ашатын сөздерді табады.<br>(Диқаншы,тары, мол өнім,Олжабек,Шығанақ,қазақ шаруалары,жаңа дәуір)<br>2-топ: Шығанақтың қасиеттерін топтастырады.<br>диқаншы<br>Шығанақ орта шаруа<br>табысқа жетуге ұмтылған<br>(Кері байланыс)</td><td>Сызба</td></tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

<table>
<tr>
<td>5 мин</td>
<td>4-тапсырма<br>1-Топ: Шығанақ сөзіне синквейн<br>(5 жолды өлең)құрастырады.<br>1. Зат есім Шығанақ<br>2. Сын есім еңбекқор, төзімді<br>3. Етістік егеді, салады, еңбектенеді<br>4. Сөйлем Шығанақ белгілі диқаншы болды.<br>5. Синоним адам<br>2-топ: Семантикалық карта толтырады.
<table>
<tr><td></td><td>диқаншы</td><td>Олжабек</td><td>тары</td><td>шынайы Өмірден алынған</td><td>Әдеби жиынтық бейне</td></tr>
<tr><td>Шығанақ</td><td>+</td><td></td><td></td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td>егіншілік</td><td></td><td></td><td>+</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Бас кейіпкер</td><td></td><td>+</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>роман</td><td></td><td></td><td></td><td>+</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Парақшалар таратылады</td>
</tr>
<tr>
<td>3 мин</td>
<td>5- тапсырма.<br>Ғабиден Мұстафиннің өмірдерегі бойынша берілген сөйлемдердегі сан есімдерді топтау сан есімдеріне айналдырып, сөйлем құрайды.<br>2- ден 29-дан,11-ден, 1902-ден, 1927-ден, 1940-тан.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы (10 мин)<br>4 мин</td>
<td>6- тапсырма<br>1-топ: «Кейіпкерге хат» Қолданылатын негізгі сөз тіркестері (Диқан, тары, өнім,жаңа дәуір, Шығанақ)<br>2- топ: «Ыстық орындық»<br>Бір оқушы шығады. 1- топтың оқушылары әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды.<br>(Кері байланыс)</td>
<td>Сөз тіркестері жазылған қима қағаздар</td>
</tr>
<tr>
<td>1 мин</td>
<td>БББ стратегиясы бойынша кестені толтырады
<table>
<tr><td>Білемін</td><td>Білгім келеді</td><td>Білдім</td></tr>
<tr><td>Жазушы</td><td>Өмірі мен шығармашылығы</td><td>«Шығанақ» романының мазмұнын біледі.</td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Рефлексия:<br>5 мин</td>
<td>Ойталғау: «Мен өскенде кім болам?»<br>(Кері байланыс)</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Үй жұмысы</td>
<td>«Шығанақ романы» бойынша үзінді оқып келу.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**Дескриптор**

| **Бағалау критерийлері** | **Тапсырмалар** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| Мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді. | 1-тапсырма<br>2-тапсырма | Сәйкестендіреді<br><br>Өзара мәтін мазмұны бойынша диалог құрастырады. | |
| Мәтіннің негізгі идеясын ашады | 3-тапсырма<br><br><br><br><br><br><br><br><br>6-тапсырма | **1топ**:Мәтіннен негізгі идеясын ашатын сөздерді табады.<br>**2-топ:** Шығанақтың қасиеттерін топтастырады.<br><br>**1-топ:**<br>**«Кейіпкерге хат»**<br>**2-топ:**<br>«Ыстық орындық» | |
| Ақпараттың өзектілігін анықтайды.<br><br>Мәліметтерді кесте сызба арқылы жасайды. | 4-тапсырма | **1-топ:**<br>«Шығанақ сөзіне синквейн құрастырады»<br>**2-топ:**<br>Семантикалық карта толтырады | |
| | | | |
| Мәтін бойынша топтау сан есімге байланысты жазылым | 5-тапсырма | Сөйлемдерде берілген сан есімдерді топтау сан есімдеріне айналдырып, сөйлем құрайды. | |
| | | | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.